



**1995 жылғы 15 наурызда Исламабадта қол қойылған Экономикалық Ұнтымақтастық Ұйымына мүше елдердің бизнесмендеріне арналған виза рәсімдерінің оңайлатылған тәртібі туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 1996 жылғы 29 қазан N 42-I

1995 жылғы 15 наурызда Исламабадта қол қойылған Экономикалық Ұнтымақтастық Ұйымына мүше елдердің бизнесмендеріне арналған виза рәсімдерінің оңайлатылған тәртібі туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы  
мемлекеттердің Достастыққа кірмеген мемлекеттермен  
шекараны күзетудегі ынтымақтастық туралы

**Шарты**

Осы Шартқа қол қойған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер, бұдан әрі - Тараптар,

жалпы таныған халықаралық құқық принциптері мен нормаларын, достық, тату көршілік қарым-қатынасты дамыту және Достастыққа қатысушы мемлекеттер шекарасында қауіпсіздікті өзара қамтамасыз етуге жәрдемдесу ниетін басшылыққа ала  
о т ы р ы п ,

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Достастыққа кірмеген мемлекеттермен шекараны күзетуде ынтымақтастықтың қажеттігін мойындай  
о т ы р ы п ,

БҰҰ Жарғысының ережелерін, ОБСЕ принциптерін, Хельсинки Қорытынды актісінің ережелерін, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Жарғысын, шекара

мәселелері жөнінде Тараптар қабылдаған және олар үшін заң күші бар басқа құжаттарды ұстанатындығын қуаттай отырып,

мыналар жөнінде келісті:

### 1-бап

Осы Шарттың мақсаттары үшін төменде көрсетілген терминдердің мынадай мағынасы бар:

Шекара - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Достастыққа кірмеген мемлекеттермен мемлекеттік шекара учаскелері.

Қолбасшылар кеңесі - Шекара әскерлері қолбасшыларының кеңесі.

Шекара әскерлері - Тараптардың шекара әскерлері.

### 2-бап

Тараптардың Шекараны күзетудегі мақсаты:

Шекара күзетін Тараптардың мүддесін ескере отырып қамтамасыз ету;

халықаралық және ішкі терроризмге, сепаратизм мен ұлтшылдықтың кез-келген көрінісіне, наркобизнеске, астыртын көші-қонға, қару-жарақтың, оқ-дәрінің, радиоактивті, улы және психотроптық заттардың, сондай-ақ Тараптардың ұлттық заңдары мен халықаралық шарттар әкелуге, әкетуге тыйым салған басқа да заттар мен жүктерді заңсыз жылжуына қарсы тиімді күресті қамтамасыз ету;

Тараптардың шекара мәселелері жөніндегі ынтымақтастығы мен заңдарының жақындасуы үшін шарттық-құқықтық базаны дамыту болып табылады.

### 3 - б а п

Тараптар өздерінің арасында Шекарадағы бейбітшілікті нығайту жөніндегі мәселелерді тиімді шешуге бағытталған тең құқықтық, әріптестік қарым-қатынас орнатып, оны дамытады.

Тараптардың қауіпсіздік мүдделерін ескере отырып Тараптар Шекараның өз бөлігінің күзетін қамтамасыз ету үшін өзара жауапкершілікте болады.

Тараптар Шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі Достастықтың жоғары органдары шешімдерінің (консенсус негізінде қабылданған) басымдығын

Тараптар Шекара күзетін ұлттық заңдарға сәйкес, келісілген немесе бірлескен күш-жігермен тиісті екіжақты немесе көпжақты келісімдермен және уағдаластықтармен айқындалатын шарттар бойынша Тараптардың мүдделерін қамтамасыз етуді ескере отырып жүзеге асырады.

Тараптар Шекаралардың қауіпсіздігіне қатер төнгенде пайда болған қатерді жоюға тиісті шаралар қабылдау үшін бірлескен шұғыл консультациялар өткізетін болады.

#### 5-бап

Тараптардың өз Шекарасын күзетуді Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы басқа мемлекет контингентінің көмегімен қамтамасыз ету үшін халықаралық келісімдер негізінде шаралар қабылдауға құқығы бар.

#### 6-бап

Тараптар Шекараны күзетудегі бірлескен күш-жігерді үйлестіру мен шекара саясатын жүргізуге арналған ұлттық заңдарды ескере отырып аймақтық біріккен командованиелер (жедел топтар, біріккен штабтар немесе үйлестіру кеңестері) құра алады.

#### 7-бап

Тараптар ғылыми әзірлемелер жүргізуде, оның ішінде бірлескен бағдарламалар құру, Шекараны күзетудің жаңа техникалық құралдарын жобалауда, жасау мен енгізуде ынтымақтастықта болады.

Тараптар Шекара әскерлерінің техникалық жарақтану деңгейін көтеру ісінде ынтымақтастықта болады.

Шекара әскерлеріне шекара әскерлерінің арнаулы техникасы мен материалдық қаражатты жеңілдікті берудің тәртібі мен шарттары жеке келісіммен айқындалады.

## 9 - б а п

Тараптар Шекара күзету мүддесімен қажет болған жағдайда шекара әскерлерінің аумақ учаскелерін, әуе, жерүсті және су кеңестерін, әуежайларды, аэродромдарды, порттарды, айлақтарды, жерасты темір жолдары мен автомобиль жолдарын пайдалануын, сондай-ақ шекара әскерлерінің ұшуларын метеорологиялық қамтамасыз ету және шекара әскерлерінің кемелерін навигация-гидрографиялық қамтамасыз ету жөнінде қажетті ақпарат алуды реттейтін екіжақты немесе көпжақты келісімдер ж а с а с а д ы .

## 1 0 - б а п

Тараптар Шекараны күзету туралы уақтылы шешім қабылдау мақсатында ақпаратты жинау, өңдеу процесінің үздіксіз жұмыс істеуін және Шекарадағы жағдайды болжауды, тұрақты түрде өзара ақпарат алмасуды, сондай-ақ халықаралық тәжірибеде қабылданған алдын ала ескерту сипатындағы шаралар жөнінде ұсыныстар әзірлеуді қ а м т а м а с ы з е т е д і .

Тараптар шекара әскерлерінің, басқа құзыретті қызметтердің қолда бар арнаулы байланыс арналарын жұмыс жағдайында қолдап отырады, сонымен қатар Достастыққа қатысушы мемлекеттер әзірлеген бағдарламалар шеңберінде жаңа байланыс және ақпарат арналарын (жүйелерін) құру жөнінде бірлесіп шаралар қабылдайды.

## 11-бап

Тараптар қызметтік немесе құпия сипаттағы бір-бірінен алынған материалдар мен ақпаратты осы материал немесе ақпарат алынған Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ешкімге бермейді.

## 12-бап

Тараптар шекара әскерлерінің Шекараны күзетуге өкілеттік берілген органдарының Шекараны күзетуді қамтамасыз етуі мүддесімен жедел-ізвестіру қызметін жүргізуге

мәселелері бойынша Тараптардың әрқайсысының заңдарына сәйкес ынтымақтастықта  
б о л а д ы .

### 1 3 - б а п

Тараптар Достастыққа мүше емес мемлекеттер болып табылатын шектес елдермен өзара қарым-қатынастағы өздерінің шекара саясатын келісіп (үйлестіріп) отырады.

Осы Шарт Тараптардың қолданылып жүрген басқа екіжақты және көпжақты шарттар бойынша құқықтары мен міндеттеріне әсер етпейді және ол үшінші елдерге  
қ а р с ы б а ғ ы т т а л м а й д ы .

### 1 4 - б а п

Тараптар өздерінің Шекараны күзету мен оның режимі мәселелерін реттейтін заң және өзге нормативтік актілерін үйлестіру жөнінде шаралар қабылдайды.

Тараптар шекара әскерлерінің қызметін қамтамасыз ету үшін мейлінше қолайлы, тең құқықты шарттарды қамтамасыз ету мақсатында Шекараны күзету мен оның режимі мәселелеріне қатысты жаңа ұлттық заң актілерін қабылдағаны туралы ақпарат  
а л м а с ы п о т ы р а д ы .

### 1 5 - б а п

Тараптар шекара әскерлеріне офицер кадрлары мен кіші мамандар даярлауда бір-біріне шарттық негізде жәрдемдеседі.

Тиісті білім немесе мамандық алғанын куәландыратын дипломдар мен куәліктер, сондай-ақ өзге құжаттар, оның ішінде осы Шарт күшіне енгенге дейін берілгендері Тараптардың аумағында танылады.

### 1 6 - б а п

Тараптар қажет болған жағдайда әскери қызметшілерге, олардың отбасы мүшелеріне және өз мемлекеттерінен тысқары жерлерде Шекараны күзетуге қатысатын басқа да азаматтарға қызмет атқарудағы аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, өтемақы мен жеңілдіктер, мемлекеттік және мемлекетаралық сақтандыруды, материалдық, қаржы және басқа да қамтамасыз ету түрлерін белгілеу мәселелері бойынша жеке келісімдер жасасады.

### 1 7 - б а п

Тараптар шекара әскерлерінің әскери қызметшілері мен зейнеткерлерін және олардың отбасы мүшелерін өздерінің емдеу-профилактикалық мекемелеріне тексерілуге, емдеуге (ауруханаға жатқызу) шарттық негізде қабылдауды, сондай-ақ жіберуші Тараптың есебінен ведомстволық санаторийлер мен демалыс үйлеріне жолдама бөлуді қамтамасыз етеді.

1 8 - б а п

Осы Шартты түсіндіруде пайда болған даулар Тараптар арасындағы консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі.

Осы Шартқа толықтырулар мен өзгертулер шартқа қол қойған бір немесе бірнеше Тараптың бастамашылығымен енгізіледі және консенсус негізінде қабылданады.

Тараптар Қолбасшылар кеңесіне осы Шартты орындау жөніндегі шараларды үйлестіруді жүктейді. Осы мақсаттарда Қолбасшылар кеңесі мүдделі Тараптармен келіскен соң Тараптардың сыртқы істер министрліктерінің, шекара әскерлерінің, басқа да мүдделі министрліктері мен ведомстволарының өкілдерінен уақытша жұмыс органдарын құра алады. Осы шараларды жүзеге асыру тәртібі қабылдаушы Тараппен жасалатын жеке келісіммен айқындалады.

1 9 - б а п

Осы Шарт депозитарийге Шарттың күшіне енуіне қажетті мемлекетішілік процедуралардың орындалғаны туралы үшінші хабарлама берілген күннен бастап күшіне енеді. Депозитарийге мұндай процедуралардың орындалғаны туралы Шарт күшіне енгеннен кейін хабарлаған Тарап үшін Шарт осындай хабарлама берілген күннен бастап күшіне енеді.

2 0 - б а п

Шарт бес жыл мерзімге жасалады және келесі бес жылдық мерзімге өз-өзінен ұзартылып отырады. Тараптардың әрқайсысы депозитарийді тиісті мерзім аяқталғаннан кемінде алты ай бұрын жазбаша хабарлау арқылы осы Шарттан шыға алады.

Осы Шартқа ол күшіне енгеннен кейін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы басқа да мемлекеттер қосыла алады.

Осы Шарт БҰҰ Жарғысының 102-бабына сәйкес БҰҰ-ның Хатшылығында тіркеуге жатады.

Минск қаласында 1995 жылғы 26 мамырда орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа дана Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы Хатшылығында сақталады, ол осы Шартқа қол қойған әрбір мемлекетке шарттың расталған көшірмесін жібереді.

Әзербайжан Республикасы үшін      Молдова Республикасы үшін

Армения Республикасы үшін      Ресей Федерациясы үшін

Белорусь Республикасы үшін      Түркменстан үшін

Грузия Республикасы үшін      Тәжікстан Республикасы үшін

Қазақстан Республикасы үшін      Өзбекстан Республикасы үшін

Қырғыз Республикасы үшін      Украина үшін